

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциалық емес акционерлік қоғамы

Ә. Бүркітбаев атындағы Энергетика және Машина жасау институты
Стандарттау, сертификаттау және метрология кафедрасы

Тұрсынбек Аяулым Байболатқызы

Кәсіпорын жағдайындағы өнім сапасын метрологиялық зертханада талдау

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

6B07501 – Өнеркәсіптік инженерия

Алматы 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциалық емес акционерлік қоғамы

Ө. Бүркітбаев атындағы Энергетика және Машина жасау институты

Стандарттау, сертификаттау және метрология кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

«Стандарттау, сертификаттау және
метрология» кафедрасының

менгерушісі т.ғ.к. PhD

ДОПУЩЕН К ЗАЩИТЕ

Ережеп Д.Е.

«09» 06 2025ж.

Иститут энергетики
и машиностроения

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Кәсіпорын жағдайындағы өнім сапасын метрологиялық зертханада талдау

6B07501 – Өнеркәсіптік инженерия

Орындаған:

Тұрсынбек А.Б.

Рецензент: PhD,

Ғылыми жетекші: п.ғ.к., қауым.проф.

Профессор ассистенті

07 - Жақсыбаева Г.С.

«09» 06 2025ж.

07 Татыбаев М.К.

«09» 06 2025ж.

Алматы 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциалық емес акционерлік қоғамы

Ә. Бүркітбаев атындағы Энергетика және Машина жасау институты

Стандарттау, сертификаттау және метрология кафедрасы

6B07501 – Өнеркәсіптік инженерия

БЕКІТЕМІН

«Стандарттау, сертификаттау және метрология» кафедрасының

меңгерушісі К.З.А.И.Д.

НАО «ҚазНТУ им.К.И.Сәтбаева»

«~~Энергетика~~»
и машиностроения

Дипломдық жобаны орындауға арналған

ТАПСЫРМА

Білім алушы: Тұрсынбек Аяулым Байболатқызы

Тақырыбы: Кәсіпорын жағдайындағы өнім сапасын метрологиялық зертханада талдау

Академиялық істер жөніндегі проректор 2025 жылғы «29» қаңтар №26-П/Ө бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі: «12» мамыр 2025ж.

Дипломдық жұмыстың бастапқы деректері: сынау әдістері

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Кәсіпорын жағдайында тағам өнімдерінің, соның ішінде кондитерлік өнім печеньеінің сапасын бағалау

б) Өнімге сынау жүргізу әдістері мен процестері

в) тіршілік қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері




г) экономикалық тиімділікті зерттеу есебі

Графикалық материалдар тізімі (міндетті сызбаларды дәл көрсете отырып):




Жұмыс презентациясы слайдтарда 20 көрсетілген.

Ұсынылған негізгі әдебиеттер 17 атаулардан: 1. Төлеуова Г.Б., Садықов М.А. Сапа менеджменті және стандарттау жүйелері. – Алматы: Экономика, 2020. – 212 б. (Мекемелердің сапаны басқару құрылымдары, аккредитация және зертханалар қызметі туралы тарау негізінде). 3. Татыбаев М.К. Тағам өнімдерінің сапасын бағалау әдістері: оқу құралы. – Алматы: Сәулет, 2020. – 136 б.

Дипломдық жұмысты даярлау
КЕСТЕСІ

Бөлім атаулары, қарастырылатын мәселелердің тізімі	Ғылыми жетекшіге ұсыну мерзімі	Ескерту
Жалпы мәліметтер	25.02.2025 ж.	
Өнімнің физико-химиялық қасиеттері	28.03.2025 ж.	
Өнімді сынау	14.04.2025 ж.	

Аяқталған дипломдық жұмыс үшін, оған қатысты бөлімдердің жұмыстарын көрсетумен,
кеңесшілер мен норма бақылаушының қойған
қолдары

Бөлімдердің атауы	Кеңесшілер, аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы.	Қол қойылған күні	Қолы
Теориялық шолу	Татыбаев М.К., п.ғ.к., қауым.профессор		04.03.2025
Әдістемелік бөлім	Татыбаев М.К., п.ғ.к., қауым.профессор		20.04.2025
Практикалық бөлім	Татыбаев М.К. п.ғ.к., қауым.профессор		18.05.2025
Норма бақылаушы	Есентай А.М., аға оқытушы	05.06.2025	

Ғылыми жетекші

Татыбаев М.К

Білім алушы тапсырманы орындауға алды

Тұрсынбек А.Б.

Күні

«09» маусым 2025ж

АНДАТПА

Дипломдық жұмыс тағам өнімдерінің сапасын зертханалық жағдайда бағалауға арналған. Нақты зерттеу нысаны ретінде – печенье өнімі алынып, оның сапасы Алматы қаласындағы «Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы» АҚ Алматы филиалының сынақ зертханасында зерттелді. Дипломдық жұмыс кіріспеден, екі негізгі бөлімнен, қорытындыдан және қосымшалардан тұрады:

- кіріспеде зерттеу мақсаты, міндеттері мен өзектілігі баяндалған;
- бірінші бөлімде кәсіпорын мен зертхана сипаттамасы, зерттелетін өнімнің түрлері және сапа көрсеткіштері қарастырылған;
- екінші бөлімде нақты сынақ әдістері, қолданылатын жабдықтар және өнімге қойылатын талаптар сипатталған;
- қорытындыда зерттеу нәтижелері мен ұсыныстар келтірілген.

Жұмыс барысында өнімнің сапалық көрсеткіштері: физико-химиялық, органолептикалық, микробиологиялық және токсикологиялық қасиеттері әртүрлі стандарттар мен әдістерге сүйене отырып анықталды. Өнімнің ылғалдылығы, қант пен май мөлшері, ауыр металдар мен патогенді микроағзалардың болуы тексерілді. Зерттеу нәтижелері бойынша өнімнің техникалық регламенттер мен санитарлық талаптарға сай келетіні анықталды. Бұл зерттеу тағам өнімдерінің сапасын арттыруға, тұтынушылардың денсаулығын қорғауға және өндіріс тиімділігін жоғарылатуға септігін тигізеді.

АННОТАЦИЯ

Дипломная работа посвящена оценке качества пищевой продукции в условиях лабораторных испытаний. В качестве объекта исследования рассматривается печенье, анализ которого проводился в испытательной лаборатории Алматинского филиала АО «Национальный центр экспертизы и сертификации». Структура дипломной работы включает:

- введение, где раскрыты цель, задачи и актуальность темы;
- первый раздел — описание предприятия, лаборатории и характеристика исследуемого продукта;
- второй раздел — методы испытаний, оборудование и требования к качеству;
- заключение с выводами и рекомендациями;
- приложения.

В ходе исследования были изучены физико-химические, органолептические, микробиологические и токсикологические показатели продукции в соответствии с действующими стандартами. Оценивались влажность, содержание сахара и жира, а также наличие тяжёлых металлов и патогенных микроорганизмов. Результаты показали, что продукция соответствует требованиям технических регламентов и санитарных норм. Работа демонстрирует практическую значимость лабораторного контроля для обеспечения качества и безопасности пищевых продуктов.

ANNOTATION

This thesis is dedicated to assessing the quality of food products under laboratory conditions. The study focuses on biscuits, which were analyzed at the testing laboratory of the Almaty branch of the Joint Stock Company “National Center for Expertise and Certification.” The structure of the thesis includes:

- introduction presenting the purpose, objectives, and relevance of the research;
- chapter One describing the enterprise, the testing laboratory, and the characteristics of the examined product;
- chapter Two detailing the testing methods, equipment used, and quality standards;
- conclusion summarizing the findings and offering recommendations;
- appendices.

The research covers physical-chemical, organoleptic, microbiological, and toxicological parameters based on current standards and methods. Measurements included moisture content, sugar and fat levels, and the presence of heavy metals and pathogenic microorganisms. The results confirmed that the product meets technical regulations and sanitary standards. The thesis emphasizes the practical value of laboratory testing in ensuring food safety and improving production quality.

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл дипломдық жұмыс келесі стандарттарға сілтемелерді пайдаланады:

МЕМСТ 24901-2014 Печенье. Жалпы техникалық талаптар

МЕМСТ ИСО 17025-2019 Сынақ және калибрлеу зертханаларының құзыретіне қойылатын жалпы талаптар

МЕМСТ 30178-96 Шикізат және тамақ өнімдері. Улы элементтерді анықтаудың атомдық абсорбциялық әдісі

МЕМСТ 31266-2004 Шикізат және тамақ өнімдері. Мышьяқты анықтаудың атомдық абсорбциялық әдісі

МЕМСТ 26927-86 Шикізат және тамақ өнімдері. Сынапты анықтау әдістері

МЕМСТ 30711-2001 Азық-түлік өнімдері. В1 және М1 афлатоксиндерін анықтау және анықтау әдістері

МУ 4.05.021-97 Дексиनिваленол (вомитоксин), ацетилдеоксинваленол құрамын анықтау, идентификациялау және анықтау үшін және астық және астық өнімдеріндегі зераленон

ҚР СТ 2011-2010 Су, азық, жем және темекі өнімдері хлорорганикалық заттарды анықтау хроматографиялық әдістермен пестицидтер

МЕМСТ 5897-90 Сапа, өлшем, таза салмақ және құрамдас бөліктердің органолептикалық көрсеткіштерін анықтау әдістері

МЕМСТ 5900-2014 Кондитерлік өнімдер. Ылғалдылық пен құрғақ затты анықтау әдістері

МЕМСТ 5903-89 Кондитерлік өнімдер. Қантты анықтау әдістері

МЕМСТ 5899-85 Кондитерлік өнімдер. Майдың массалық үлесін анықтау әдістері

МЕМСТ 5898-87 Кондитерлік өнімдер. Қышқылдық пен сілтілілікті анықтау әдістері

МЕМСТ 10114-80 Ұннан жасалған кондитерлік өнімдер. Ылғалдылықты анықтау әдісі.

МЕМСТ 5901-2014 Кондитерлік өнімдер. Күлдің және металломагниттік қоспалардың массалық үлесін анықтау әдістері.

МЕМСТ 6687.5-86 Алкогольсіз сусындар өнеркәсібінің өнімдері. Өнімнің органолептикалық көрсеткіштерін және көлемін анықтау әдістері

МЕМСТ 6687.2-90 Алкогольсіз сусындар өнеркәсібінің өнімдері. Құрғақ заттарды анықтау әдістері

МЕМСТ 30059-93 Алкогольсіз сусындар. Аспартамды, сахаринді, кофеинді және натрий бензоатын анықтау әдістері

ТР КО 021/2011 Азық-түлік қауіпсіздігі туралы

ТР КО 022/2011 Азық-түлік өнімдері олардың таңбалануы бойынша

ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Техникалық реттеу – Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасына немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ратификацияланған халықаралық шартқа сәйкес әзірленетін және қолданылатын өнімдерге немесе олардың өмірлік цикліндегі өнімге және онымен байланысты процестерге қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтік құқықтық акт. Қазақстан Республикасы

Қызмет – нәтижесі елеулі көрінісі жоқ, стандарттау құжаттарының талаптарына сәйкес келетін жеке және (немесе) заңды тұлғалардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған қызмет Өнім

Өтінім беруші – Қазақстан Республикасының немесе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген, жеке кәсіпкер (дайындаушы, импорттаушы, өндіруші, сатушы уәкілеттік берген тұлға) ретінде тіркелген заңды немесе жеке тұлға. сәйкестікті бағалау үшін өнімдерді, процестерді және қызметтерді ұсынды Сәйкестік сертификаты

Сәйкестік туралы декларация – өндіруші, импорттаушы, өндіруші немесе сатушы уәкілеттік берген тұлға айналысқа шығарылатын өнімдердің, процестердің және қызметтердің техникалық регламенттер мен стандарттау құжаттарының талаптарына сәйкестігін куәландыратын құжат.

Стандарттау – стандарттау объектілерінің қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз етуге және нақты және ықтимал міндеттерге қатысты әмбебап, қайталанатын пайдалану ережелерін белгілеу жолымен стандарттау объектілеріне қойылатын талаптарды оңтайлы ретке келтіру дәрежесіне қол жеткізуге бағытталған қызмет

Сертификаттау – сәйкестікті растау жөніндегі орган өнімнің және (немесе) ілеспе процестердің, сондай-ақ көрсетілетін қызметтердің белгіленген талаптарға сәйкестігін куәландыратын рәсім.

Өнімдер материалдық нысанда ұсынылған және одан әрі шаруашылық және басқа мақсаттарда пайдалануға арналған қызмет нәтижесі болып табылады.

Өлшеу - бұл шамаға негізді түрде тағайындалуы мүмкін шаманың бір немесе бірнеше сандық мәндерін эксперименталды түрде алу процесі

МАЗМҰНЫ

Кіріспе

1	Жалпы мағлұматтар	12
1.1	Ұлт ССО АҚ АФ туралы жалпы мәлімет	12
1.2	Ұлт ССО АҚ АФ сынақ зертханасына сипаттама	14
1.3	Кондитерлік өнім сипаттамасы	18
1.4	Өнімінің физико-химиялық көрсеткіштері	20
1.5	Өнімнің сапасын, органолептикалық қасиетін анықтау жолдары	27
2	Өнімді сынау	29
2.1	Кондитерлік өнімді сынау әдістері	29
2.1.1	Құрамындағы улы заттарды анықтау	30
2.1.2	Микробиологиялық қасиетін анықтау	33
2.1.3	Сынақ нәтижесін талдау	33
2.2	Өнімді сынауда қолданылатын жабдықтар	35
2.3	Сынау зертханасына қойылатын талаптар	42
2.4	Ұйымның стандарты (өнімге қойылатын талаптар)	44

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер

А қосымшасы

Б қосымшасы

В қосымшасы

КІРІСПЕ

Дипломдық жұмыстың маңыздылығы – тағам өнімдерінің, оның ішінде кондитерлік өнімдердің сапасын зертханалық жағдайда талдау арқылы олардың стандарттарға сәйкестігін бағалауда. Кондитерлік өнімдер – халық арасында кең таралған және күнделікті тұтынылатын өнімдер қатарына жатады. Бұл өнімдер тек дәмімен ғана емес, сонымен қатар құрамындағы қоректік заттарымен де ерекшеленеді. Алайда сапасыз немесе дұрыс өндірілмеген кондитерлік өнімдер адам ағзасына кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан олардың құрамын, сапалық және санитарлық-гигиеналық көрсеткіштерін зерттеу маңызды.

Зерттеу объектісі ретінде – Алматы қаласындағы Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы АҚ Алматы филиалының тағам өнімдерін сынау зертханасында өндірісте жиі қолданылатын печенье өнімі алынды. Бұл зертханада өнім сапасын бағалаудың заманауи әдістері, жоғары дәлдіктегі құрылғылар мен халықаралық стандарттарға сәйкес аккредитацияланған сынақ жүйесі қолданылады. Мұндай зертхана базасында өнімге жүргізілетін сынақтар нақты, сенімді және ғылыми негізделген нәтижелер береді.

Жұмыстың мақсаты – печенье өнімінің сапасын зертханалық жағдайда бағалау және оның техникалық регламенттер мен стандарттарға сәйкестігін анықтау. Бұл талдау өнімнің тамақ өнеркәсібіне қатысты қауіпсіздік ережелері мен стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз етеді. Сынақ зертханасында жүргізілетін сапа талдауы өнімнің тұрақты сапасын сақтауға, тұтынушыларға қауіпсіз өнім ұсынуға және экономикалық өндіріс тиімділігін арттыруға көмектеседі. Зертханалық сынақ барысында, өнімнің техникалық регламенттердегі және стандарттағы талаптарға сәйкестігін тексеру.

Дипломдық жұмыс тағам өнімдерінің сапасын зертханалық жағдайда кешенді түрде бағалау арқылы өндіріс орындары мен тұтынушылар арасында сенімді байланысты нығайтуға және отандық өнімнің сапасын арттыруға өз үлесін қосады. Зерттеу барысында алынған мәліметтер тағам қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған нақты ғылыми және практикалық ұсыныстар ұсынуға мүмкіндік береді.

1 Жалпы мағлұматтар

1.1 ҰлтССО АҚ АФ туралы жалпы мәлімет

ҰлтССО АҚ АФ Қазақстандағы стандарттау және метрология саласындағы жетекші ұйымдардың бірі болып табылады. Филиал Қазақстандық стандарттау және метрология орталықтарының ресми құқықтық мирасқоры болып саналады.

Алматы қаласындағы Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы АҚ-ның филиалы – республикадағы жетекші құрылымдардың бірі болып табылады. Ол еліміздегі стандарттау және метрология салаларының тарихи жалғастығын сақтап келе жатқан ресми мұрагер саналады. Филиалдың негізі өткен ғасырдың 30-жылдары қаланып, сол кезеңде Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесінің шешімімен өлшем бірліктерін тексеретін алғашқы мекеме – Өлшемдер мен салмақтарды калибрлеу палатасы Семейден Алматыға көшірілді. Алғашқыда бұл мекеме қарапайым өлшеу құралдарын: таразы, салмақ, ұзындық пен көлем өлшемдерін, сондай-ақ манометрлерді тексеруге арналған болатын.

Өнеркәсіптің дамуымен қатар тексерілетін құралдардың саны мен түрі артып, салыстырып тексеру қызметтерінің маңызы артты. Кеңес дәуірінде бұл филиал одақ бойынша алдыңғы қатарлы орталықтардың бірі ретінде танылып, Қазақстан Республикасының «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» Заңына сай метрология саласында тұрақты түрде жұмыс істеп келеді. Бүгінде Алматы мен Алматы облысында филиалдың қарамағында 212 бірлікке жуық эталондық өлшеу құралдары бар. Бұл жабдықтар жоғары дәлдікті өлшеулер жүргізу үшін арнайы жабдықталған, микроклимат пен физикалық өрістерден қорғайтын зертханаларда сақталады.

Филиал сонымен қатар дыбыс өлшеулеріне арналған бірегей жабдықпен – арнайы ылғалдандырылған камерамен жабдықталған. Бұл камера шу мен дірілден оқшауланған, дыбысты сіңіретін қабырғалары бар, және онда электроакустикалық құралдардың акустикалық параметрлерін дәл анықтауға мүмкіндік беріледі. Сонымен қатар, мұнда тұрмыстық және өндірістік техникалық бұйымдарға акустикалық сынақтар да жүргізіледі.

Иондаушы сәулеленуді өлшеуге арналған зертхана да филиал құрамында жұмыс істейді. Ол әртүрлі сәулелену түрлері – альфа, бета және гамма – бойынша өлшеу жүргізуге арналған үлгілі көздермен жабдықталған, әрі арнайы қорғаныс жүйелері қарастырылған.

Еліміздің тәуелсіздік алған жылдарында филиал жаңа талаптарға бейімделіп, өзгерістерге қарамастан, метрологиялық қызметін үздіксіз жалғастырды. 1993 жылы «Стандарттау және сертификаттау туралы» Заңның қабылдануы жаңа бағыт – өнім мен қызметтердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында сертификаттау қызметін енгізуге жол ашты. Осыған байланысты филиал құрамында арнайы бөлім құрылып, сынақ жүргізуге арналған база

калыптасты. Кейін бұл база техникалық құзыреттілік пен тәуелсіздік бойынша аккредиттеуден өтті.

1990-жылдардың соңында филиал атауы, меншік түрі, бағыныстылығы, кадрлық құрылымы мен зертханалық бөлімшелер саны өзгеріске ұшырады. Дегенмен негізгі қызмет бағыттары – стандарттау, метрология және сертификаттау – өзектілігін жоғалтпай, өзара тығыз байланыста дамуын жалғастырды.



1-сурет – Алматы қаласындағы «Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы» АҚ-ның филиалы

Филиалдың көрсететін қызметтері түрлі салалардағы ресми аккредиттеу құжаттарымен расталған. Атап айтқанда:

- өнімдер мен қызметтердің сапасын сәйкестікке тексеру бойынша аккредиттеу сертификаты;
- менеджмент жүйелерінің сәйкестігін растау бойынша жұмыс жүргізуге рұқсат беретін құжат;
- өлшеу құралдарын тексеріп салыстыру құқығын беретін куәлік;
- өлшеу әдістерін метрологиялық аттестаттаудан өткізуге рұқсат;
- әртүрлі өнімдерді сынауға арналған зертханалардың аккредиттеу куәліктері – бұл құрылыс, өнеркәсіп, радиоэлектроника және тұрмыстық техникаларға қатысты;
- тамақ өнімдерін сынауға арналған зертхананың аккредиттелгендігі туралы сертификат.

Филиалда жұмыс істейтін мамандар бірқатар маңызды қызметтерді атқарады. Олар ТМД елдерінде берілген шетелдік сертификаттарды танумен, өнімге қабылдау-тапсыру және кезеңдік сынақтар жүргізумен, сондай-ақ инжинирингтік қызметтермен (мысалы, құрылыс нысандарын техникалық сүйемелдеу және қадағалау) айналысады. Сонымен қатар, мамандар Кеден одағына (қазіргі – Еуразиялық экономикалық одақ) кіретін елдерде міндетті

түрде бағалауға жататын өнімдер бойынша сертификаттау жұмыстарын жүргізеді және сол өнімдерге қажетті бірыңғай құжаттарды ресімдейді.

Өнімдер мен қызметтерді сертификаттау КО (ЕАЭО) бірыңғай тізіліміне сәйкес жүргізіледі. Сәйкестік сертификаттары мен декларацияларын Беларусь, Қазақстан, Ресей және Армения мемлекеттерінде тексеру мүмкіндігі бар. Осы елдердің бірінде өнім тексерістен өткен болса, сол хаттама негізінде бүкіл ЕАЭО аумағында тауарды еркін тасымалдауға және қолдануға рұқсат беріледі. Бұл рәсім өнімнің КО коды арқылы сәйкестік сертификатын немесе декларациясын алу арқылы жүзеге асырылады.

Филиалдың тиімді жұмыс істеуі үшін өзіне қарасты заманауи сынақ зертханалары бар. Өтініш берген клиенттер үшін халықаралық талаптарға сай аккредиттелген зертханалар, генетикалық түрлендірілген өнімдерді анықтайтын ПТР зертханасы, бұзбай сынау зертханасы және көлік құралдарын тексеретін орталықтар ұсынылады. Бұл зертханалардың барлығы қажетті құрал-жабдықтармен толықтай қамтылған, ал техникалық база – мемлекеттік және халықаралық стандарттарға сәйкес келеді.

«Техникалық реттеу туралы» ҚР Заңына сәйкес, тұтынушылар сәйкестікті растау және метрологиялық қызметтерді алу үшін қалаған аккредиттелген мекемені тандау құқығына ие. Бұл салада бәсекелестік жоғары деңгейде, ешқандай монополия жоқ. Сонымен қатар, Қазақстанда Ресей мен Қырғызстанның да аккредиттелген ұйымдары жұмыс істейді, бұл да нарықтағы бәсекені арттырып отыр. Осыған байланысты «ҰлтССО» АҚ өз қызмет сапасын үнемі жетілдіріп отыруға ұмтылады.

Сынақ және тексеру зертханалары барлық өлшеу мен сынау нәтижелерінің дәл әрі нақты болуын қамтамасыз ететін заманауи құрылғылармен жабдықталған.

1.2 «ҰлтССО» АҚ АФ сынақ зертханасына сипаттама

Алматы Филиалдың сынақ зертханалары жаңа заманауи жабдықтармен жабдықталған, зертхана мамандары Стандарттармен және техникалық регламенттермен регламенттелетін барлық көрсеткіштер бойынша іс жүзінде барлық өнім тізбесіне жедел талдау жүргізу бойынша қызметтер ұсынуға дайын. Сынақ зертханаларының тізіміне тамақ (азық-түлік) өнімдері зертханасы және құрылыс, өнеркәсіптік, радиоэлектрондық және тұрмыстық өнімдер зертханалары кіреді.

Алматы филиалының азық-түлік өнімдерін сынау зертханасы филиалдың құрылуымен бірге қалыптасып, өнімдердің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жұмыс істейді. Зертхана заманауи құралдармен жабдықталған және тағам өнімдерінің физикалық-химиялық, микробиологиялық көрсеткіштерін және органолептикалық қасиеттерін анықтау бойынша сынақтар жүргізеді. Бұл зертханалық сынақтар өнімдердің стандарттарға сәйкестігін бағалауға және тұтынушыларды сапасыз өнімдерден қорғауға бағытталған. Бүгінгі таңда Алматы филиалы бірқатар маңызды бағыттар

бойынша қызмет көрсетеді. Атап айтқанда, стандарттау мен метрология салалары, өнім мен қызмет сапасын сертификаттау, менеджмент жүйелерін бағалау, әртүрлі сынақтар жүргізу, зертханааралық салыстырулар жасау, көлік құралдарын техникалық тексеру, тауардың шығу тегін анықтау, сондай-ақ зергерлік бұйымдарды сынау және таңбалау жұмыстарымен айналысады.

Жалпы өнім сапасын сынақ зертханасында талдау оның қауіпсіздігі мен стандарттарға сәйкестігін бағалау үшін жүргізіледі. Өнімнің жеке қасиеттері мен құрамына байланысты арнайы стандарттар мен регламенттер бойынша бекітілген сынақ талдамалары жүргізіледі.

Азық-түлік өнімдерін сынау зертханасы Алматы қаласындағы «Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы» АҚ-ның филиалының құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Сынау зертханасы арнайы аккредитациядан өткен және ИСО 17025 стандартына сәйкес жасалған. Зертхана аттестат аккредитациясының нөмірі KZ.T.02.0460 18.11.2029ж. (А қосымшасы).

Сонымен қатар, зертхана заманауи жабдықтармен толық қамтамасыз етілген. Талдаудың дәлдігі мен сенімділігін нақты анықтайтын халықаралық стандарттарға сай құралдар пайдаланалады. Зертханада тағам сапасын бақылау, физикалық-химиялық, микробиологиялық және токсикологиялық талдау саласында арнайы дайындақтан өткен білікті мамандар жұмыс атқарады. Мамандар зерттеу хаттамаларын, сынақ әдістерін және нәтижелерін ресми құжаттармен рәсімдейді. [1]

Аккредиттеу көлеміне сәйкес сынақ зертханасы келесілер үшін сынақтар жүргізеді:

- азық-түлік, ауыл шаруашылығы өнімдері;
- парфюмериялық және косметикалық өнімдер;
- тұрмыстық химия тауарлары;
- судың, құрылыс материалдарының, жиһаздың радиологиясы;
- санитарлық-гигиеналық бұйымдардағы, жеңіл өнеркәсіп өнімдеріндегі, қаптамалардағы, ойыншықтардағы, балаларға арналған бұйымдардағы, лак-бояу материалдарындағы, жиһаз бұйымдарындағы, адам терісімен жанасатын халық тұтынатын тауарлардағы, тамақ өнімдеріндегі, судағы, токсикология және зиянды заттардың миграциясы;
- тыңайтқыштар;
- пестицидтер;
- мал азығы.

Зертхана Еуразиялық экономикалық одақ (бұрынғы Кеден одағы) шеңберінде бірқатар техникалық регламенттер бойынша аккредиттелген. Бұл дегеніміз, зертхана түрлі өнімдердің қауіпсіздігін тексеруге ресми рұқсат алған. Атап айтқанда, зертхана мына бағыттар бойынша сынақ жүргізе алады:

- қаптаманың қауіпсіздігін бағалау;
- балалар мен жасөспірімдерге арналған тауарлардың қауіпсіздігін тексеру;
- ойыншықтарға қойылатын қауіпсіздік талаптарын бақылау;

- парфюмерия мен косметика өнімдерінің сапасын анықтау;
- жол қауіпсіздігіне, жоғары жылдамдықтағы теміржол көлігіне және темір жол инфрақұрылымына қатысты радиациялық көрсеткіштерді тексеру;
- астық өнімдерінің қауіпсіздігін бақылау;
- жеңіл өнеркәсіп тауарларын (киім-кешек, аяқ киім және т.б.) сынау;
- жеке қорғаныс құралдарының сапасын тексеру;
- тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін бағалау;
- жеміс пен көкөніс шырындарына қойылатын талаптарды бақылау;
- майлар мен май өнімдеріне қатысты талаптарды тексеру;
- жиһаз өнімдерінің қауіпсіздігін бағалау;
- тағамдық қоспалар мен хош иістендіргіштерге қойылатын талаптарды қарастыру;
- сүт пен сүт өнімдерінің сапасын тексеру;
- ет және ет өнімдерінің қауіпсіздігін анықтау;
- балық және балық өнімдерінің сапасын бақылау;
- ауыз су мен минералды судың қауіпсіздігіне талдау жасау.

Осы аталған бағыттар зертхананың өнім қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі кең ауқымды қызметтерін көрсетеді.

Сынақ қызметтерін көрсету үшін зертханада заманауи сынақ жабдықтары мен өлшеу құралдары бар, мысалы:

- атомдық абсорбциялық спектрофотометр, аа 140, вариандық оптикалық спектроскопиялық аспаптар австралияда жасалған;
- хроматек-кристалл 5000 газды хроматограф, ресейде шығарылған - 3 дана;
- капиллярлық электрофорез жүйесі «Капел-105М», Ресейде шығарылған;
- АҚШ-та жасалған жоғары өнімді сұйық хроматограф 1260 Infinity II Agilent Technologies;
- спектрофотометр RD-303 APEL Co.LTD, Жапонияда жасалған;
- альфа, бета және гамма эмиссиялық нуклидтердің белсенділігін өлшеуге арналған спектрометриялық кешен Прогресс, NPP Doza LLC. Ресей және т.б. шығарған.

Сонымен қатар, зертханада токсикологиялық көрсеткіштерді анықтау үшін тәжірибелік жануарларға сынақтар жүргізілетін виварийлер бар.

Мамандар өнімді сынау қызметтерін және тұтынушыларға кеңестік көмек көрсетеді.

Тағам өнімдерін зертханалық сынау - өнімнің сапасын бағалауға бағытталған процесс. Бұл өнімдердің сапасын бақылау – адамзаттың денсаулығын және жануарлардың қауіпсіздігін, жалпы айтқанда қоғамдық денсаулықты сақтаудың негізгі бөлігі болып табылады.

Өнімнің зертханалық талдау жұмыстары физика-химиялық, органолептикалық, микробиологиялық және токсикологиялық көрсеткіштерін зерттеуді қамтиды. Өнім сапасын талдаудың мақсаты:

- өнімнің сапа көрсеткіштерін анықтау және бағалау;

- мемлекеттік және халықаралық стандарттарға сәйкестігін тексеру (МЕМСТ, ИСО, НАССР);
- тұтынушыларға қауіпсіз және сапалы өнім ұсыну;
- өндіріс процесінің тиімділігін бақылау және жетілдіру;

Сынақ зертханасында өнім сапасын талдау оның тағамдық құндылығы мен сапасын арттыруға және өндірістік тиімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Өнім сапасын сынақ зертханасында талдау мемлекеттік және халықаралық стандарттарға сәйкес қатаң талаптар мен ережелерді сақтай отырып жүргізіледі. Бұл талаптар өнімнің сапасын объективті бағалауға, сынақтардың дұрыстығын қамтамасыз етуге және тұтынушылардың қауіпсіздігін сақтауға бағытталған. [2]



2-сурет – Алматы қаласындағы «Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы» АҚ-ның филиалының сынақ зертханасы

Қазақстан Республикасының «Техникалық реттеу туралы» Заңына сәйкес, әрбір тұтынушы өзіне қажетті сәйкестікті растау немесе метрология саласындағы қызметті көрсету үшін кез келген аккредиттелген ұйымды өз еркімен таңдауға толық құқылы. Бұл дегеніміз — нарықта белгілі бір мекемеге тәуелділік жоқ, яғни монополия болмайды. Керісінше, бәсекелестік өте жоғары,

әрбір ұйым өз қызметінің сапасы мен тиімділігін дәлелдеу арқылы тұтынушылардың сеніміне ие болуы қажет.

Осы заңнамалық мүмкіндікке қоса, Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) аясында қабылданған келісімдерге сәйкес, Қазақстан аумағында басқа елдерден — атап айтқанда, Ресей мен Қырғызстаннан келген делдалдық ұйымдар да сәйкестікті бағалау қызметтерін ұсына алады. Бұл жағдай да нарықтағы бәсекелестікті одан әрі күшейтеді. Сол себепті отандық ұйымдар, соның ішінде «NaCEC» акционерлік қоғамы да өз қызметтерінің сапасын арттырып, техникалық жабдыкталуын жетілдіріп отыруға тырысады.

«NaCEC» АҚ өз жұмысын жоғары деңгейде ұйымдастыру үшін заманауи сынақ зертханаларын пайдалануға мүмкіндік беріп отыр. Бұл зертханаларда түрлі өнімдерді немесе көрсетілетін қызметтерді халықаралық талаптарға сай тексеру және сертификаттау жұмыстары жүргізіледі. Өтініш берушілерге бірнеше бағыт бойынша қызмет көрсетіледі:

- Халықаралық стандарттарға сай аккредиттелген сынақ зертханалары арқылы өнімнің сапасын анықтау;

- Тамақ өнімдерінде генетикалық түрлендірілген ағзалардың (ГМО) бар-жоғын анықтайтын арнайы ПТР зертханасы;

- Өнімді бүлдірмей, яғни сыртқы түрін бұзбай сынақтан өткізетін зертхана;

- Автокөліктерді тексеруге арналған техникалық бақылау орталықтары.

Компания өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті материалдық-техникалық базамен толық жабдықталған. Бұл база барлық мемлекеттік және халықаралық нормативтік талаптарға толық сәйкес келеді. Зертханаларда қолданылатын құрал-жабдықтар өнімнің немесе өлшеудің нақты әрі сенімді нәтижелерін алуға мүмкіндік береді. Яғни, әр сынақ нәтижесі дәл, қайталанатын және ғылыми негізде тексерілген болады.

Жалпы алғанда, мұндай инфрақұрылым мен ашық бәсекелестік жағдайы тұтынушыға сапалы әрі сенімді қызмет алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл – ұйымдардың өз қызмет сапасын үнемі жақсартып отыруына себеп болатын маңызды факторлардың бірі. [2]

1.3 Кондитерлік өнім сипаттамасы

Кондитерлік өнімдерінің сапасын талдау олардың тағамдық қасиеті мен құндылығын, сақтау мерзімін және қауіпсіздігін анықтау үшін жүргізіледі. Өнімінің сапасын бағалау арнайы критерийлер арқылы жүзеге асырылады және негізгі көрсеткіш түрлері зерттеледі. Атап айтқанда, кондитерлік өнім печеньеі МЕМСТ 24901-2014 Печенье. Жалпы техникалық талаптар стандарты бойынша қарастырамыз. Бұл стандарт ұннан жасалған кондитерлік өнімдер болып табылатын печеньеелерге қолданылады. Бұл стандарт кондитерлік печеньеелерге, мамандандырылған печеньеелерге (соның ішінде балалар тағамына арналған) қолданылмайды. [3]

Печенье: Ылғалдылығы 16,0%-дан аспайтын әртүрлі пішіндегі ұннан жасалған кондитерлік өнімдер.

Печеньеде қоспалар болуы мүмкін (ұсақ ұнтақталған, ұнтақталған немесе белгілі бір дәм қасиеттерін беру үшін печеньеге енгізілген тұтас тағам ингредиенттері).

Ұсақ ұнтақталған қоспалар ретінде құрғақ сүт өнімдері (сүт, кілегей, сарысу, йогурт ұнтағы және т.б.), үгітілген жаңғақтар, жержаңғақ, ұнтақталған кофе және т.б.

Үлкен қоспаларға бүтін, жартысы немесе ұсақталған жаңғақтар, жержаңғақ, тәтті жемістер, мейіз, кокос жаңғағы, вафли үлпектері, какао шұңқырлары және т.б.). [4]

Печенье — көптеген адамдар күнделікті тұтынатын танымал ұннан жасалған кондитерлік өнім. Оның құрамына қарай және сыртқы түріне байланысты бірнеше түрлері бар. Әрқайсысының өзіне тән сипаттамалары болады. Солардың ішінде кең таралғандарын қарастырып өтейік.

Қант печеньесі – бұл көбіне жұқа әрі сынғыш болып келетін, кеуекті құрылымы бар печенье. Мұндай печеньелердің кейде салмасы болады, кейде болмайды. Олар қабатталып пісіріледі. Құрамында шамадан тыс көп қант болмайды – қанттың жалпы мөлшері 35%-дан аспауы керек. Сонымен қатар, мұндай печеньеің майлылығы 30%-дан аспайды, ал ылғалдылығы 10%-дан төмен болуы шарт. Бұл оның ұзақ сақталуына ықпал етеді. Қант печеньеелері көбіне жалпақ және жеңіл пішінді болады.

Қатты печенье – бұл түрі атауына сай, тығыз әрі құрғақ болып келеді. Оның бетінде жиі тесікшелер болады, бұл пісіру кезінде бу шығуы үшін жасалады. Мұндай печеньеелер де салмамен немесе салмасыз болуы мүмкін. Құрылымы қатпарлы, яғни қабат-қабат етіп жасалады. Қант мөлшері 20%-дан аспайды, майлылығы 30%-дан төмен, ал ылғалдылығы 9%-дан аз болуы тиіс. Бұндай өнімдер де негізінен тегіс және ұқыпты пішінде шығарылады.

Сары май печеньесі – бұл ең дәмді әрі құнарлы печеньеелердің бірі. Құрамына қантпен қатар, сары май, жұмыртқа, сүт немесе сүт өнімдері қосылады. Кейде бұлар салмамен, кейде онсыз дайындалады. Мұндай печеньеелердің ылғалдылығы 16%-дан аспауы керек, ал қанттың жалпы мөлшері 45%-ға дейін жетуі мүмкін. Майлылығы жоғары – 40%-ға дейін рұқсат етіледі. Сары май печеньеелері түрлі пішінде жасалады: жалпақ та болуы мүмкін, сондай-ақ үш өлшемді ерекше пішінде де дайындалады.

Сұлы печеньесі – бұл өнім денсаулыққа пайдалы құрамымен ерекшеленеді. Себебі оның құрамында кемінде 14% сұлы ұны немесе сұлы үлпегі болады. Бұл печенье көбіне дөңгелек немесе сопақ формада жасалады. Қант мөлшері 40%-дан, ал майдың үлесі 25%-дан аспауы керек. Ылғалдылығы 10,5%-дан төмен болуы қажет. Мұндай печеньеелер салауатты өмір салтын ұстанатындар арасында танымал.

Толтырылған печенье – бұл түрі түрлі салмамен немесе креммен қабатталған, кейде беті безендірілген, бірнеше печеньеден тұратын өнім болып

саналады. Олар бір-біріне жабыстырылып дайындалады. Бұл өнімдегі печеньеелердің үлесі жалпы массаның кемінде 60%-ын құрауы тиіс. Яғни, негізгі бөлігін печенье құрап, тек белгілі бір бөлігінде ғана салма болады.

Жоғарыда сипатталған әрбір печенье түрінің өзіндік ерекшелігі бар және олардың барлығы да арнайы технология бойынша дайындалып, белгілі бір стандарттарға сай шығарылады. Бұл олардың сапасын, дәмін және сақтау мерзімін қамтамасыз етеді. Мұндай печеньеелер тұтынушылардың талғамына сай келуі үшін өндірісте қатаң бақылауда ұсталады. Кондитерлік өнімнен алынатын көрсеткіштер:

- физикалық-химиялық көрсеткіштер – өнімнің ылғалдылығы, ақуыз,көмірсу, май және минералды заттар мөлшерін анықтайды;
- органолептикалық көрсеткіштер – ұн өнімінің сыртқы түрін, түсін, дәмін, иісін және консистенциясын анықтайды;
- улы элементтер көрсеткіші - өнімдегі зиянды заттардың мөлшері;
- микробиологиялық көрсеткіштер – патогенді микроорганизмдердің болуын тексереді;
- токсикологиялық көрсеткіштер – ауыр металдар, пестицидтер мен микротоксиндердің мөлшерін анықтайды. [5]

Егер кондитерлік өнім барлық стандарттар мен көрсеткіштерге сәйкес келсе, ол сапалы және қауіпсіз деп танылады. Сәйкессіздік анықталған жағдайда, өндірушіге түзету шараларын қабылдау ұсынылады.

1.4 Өнімнің физико-химиялық көрсеткіші

Өнімнің физико-химиялық көрсеткіштері – оның сапасын қауіпсіздігін және сақтау мерзімін анықтайтын физикалық және химиялық қасиеттердің жиынтығы. Олар стандарттарға сәйкес белгіленеді және өнімнің құрамындағы ылғал, қант, май, белок, қаттылық, қышқылдық, тығыздық сияқты параметрлері 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1 - Өнімнің физико-химиялық көрсеткіштері және сипаттамалары

Физико-химиялық көрсеткіштер	
Ылғалдылық (%)	Өнімнің құрамындағы су мөлшері. Ол көбіне 6-12% аралығынла болады.
Майдың мөлшері (%)	Өнімнің құрамындағы сары май, маргарин немесе өсімдік майларының көрсеткіші.
Қанттың мөлшері (%)	Сахароза, глюкоза, фруктоза деңгейін анықтау болып саналады.
Белоктың мөлшері (%)	Өнімдегі жұмыртқа, сүт немесе ұннан келетін белоктар.
Қышқылдық (°T)	Органикалық қышқылдар мөлшері (лимон, сүт, сірке қышқылы).

Күл мөлшері (%)	Минералды заттар (тұз, кальций, темір).
Энергетикалық құндылығы (ккал/кДж)	100 грамм өнімнің калория мөлшері.
Қаттылығы (Н)	Өнімнің құрылымдық беріктігі, сынғыштығы.
Тығыздығы (г/см ³)	Өнімнің массасы мен көлеміне байланысты көрсеткіш.

Ылғалдылықтың массалық үлесін анықтау үшін МЕМСТ 5900-2014 Кондитерлік өнімдер. Ылғалдылық пен құрғақ затты анықтау әдістері стандартын қолданамыз. Стандарт кондитерлік өнімдердің және жартылай фабрикаттардың құрамындағы ылғалдың және құрғақ заттардың массалық үлесін анықтау әдістерін қамтиды. Бұл әдістер кондитерлік өнімдер мен кондитерлік жартылай фабрикаттардың сапасын бақылау және сәйкестендіру үшін қолданылады.

Стандарт бойынша өнімді сынауда кептіру әдісін қолданамыз. Кептіру әдісі арқылы өнімнің ылғалды массалық үлесін анықтаймыз.

Бұл әдістің мәні талданатын өнім үлгісін белгілі бір температурада кептіру және кептіру алдында талданатын үлгінің массасына қатысты салмақ жоғалтуын есептеу болып табылады. Кептіру әдісі ұннан жасалған кондитерлік өнімдер, торттар, жартылай фабрикаттар, шығыс тәттілері, орамдар, халва, шоколадты, шоколадты глазурь, марципан, сүт тәттілері, ирис, кептірілген өнімдер, құрамында алкоголь бар өнімдерге арналған. Әдіс 0,5%-дан 50,0%-ға дейінгі ылғалдық массалық үлесін өлшеу 2-кестеде көрсетілген диапазонда қолданылады.

Тамақ өнімдерін, соның ішінде кондитерлік бұйымдарды зертханалық талдау кезінде олардың құрамындағы ылғалдылықты анықтау өте маңызды. Бұл үшін арнайы әдіс қолданылады. Алдымен зерттеуге алынған үлгілер – яғни қантты печенье, май қосылған печенье, крекер, вафли, торттар, пряниктер және тағы басқа өнімдер – зертханалық кептіру пешіне (сушильный шкаф) салынады. Бұл пештің ішіндегі температура алдын ала 130 °С-қа дейін қыздырылып қойылады. Бірақ бөтелкелер мен үлгілер пешке қойылғанда, ішкі температура сәл төмендеуі мүмкін. Сол себепті кептіру процесінің уақыты нақты 130 °С температура қалпына келгеннен кейін ғана есептеле бастайды. Бұл – нәтижелердің дәлдігі үшін өте маңызды.

Зерттеуге пайдаланылатын жабдықтар – талданатын өнімдер салынған арнайы шыны бөтелкелер, олардың қақпақтары және араластыруға арналған шыны таяқшалар. Бұл құралдар 130 ±2 °С температураны көтере алады және олардың сапасы зерттеу нәтижесіне әсер етпейді.

Кептіру ұзақтығы өнім түріне қарай әртүрлі болады. Салмасы жоқ қантты печенье, ұзын пішінді печенье, май қосылған печенье, вафли және крекерлер сияқты құрғақ өнімдер үшін кептіру уақыты 30 минутты құрайды. Бұл өнімдер құрамында ылғал аз болғандықтан, оларды ұзақ кептірудің қажеті жоқ. Ал құрамында ылғалы көбірек өнімдер, мысалы, пряниктер, маффиндер, торттарға арналған жартылай фабрикаттар, ұннан жасалған шығыс тәттілері, орамалар

және пісірілген кондитерлік өнімдер үшін кептіру уақыты 40 минут болады. Бұл өнімдердің ішкі құрылымы тығыз болғандықтан, олардың толық кебуі үшін көбірек уақыт қажет. Қалған, жоғарыда айтылмаған өнімдер үшін – яғни құрамында көбірек ылғал немесе күрделі құрылым болатын бұйымдар үшін – кептіру уақыты 50 минут деп белгіленген. Бұл уақыт барлық ылғалды толық шығару үшін жеткілікті саналады. Осындай нақты уақыт интервалдары өнімнің ылғалдылық деңгейін дәл анықтауға мүмкіндік береді. Бұл мәліметтер әрі қарай өнімнің сақтау мерзімін, сапасын, тасымалдану шарттарын бағалауда маңызды рөл атқарады.

Өнімдегі ылғалдың массалық үлесін анықтаудың соңғы нәтижесі, егер қолайлылық шарты орындалса, қайталану жағдайында орындалған екі өлшеу нәтижелерінің арифметикалық ортасы ретінде кесте-2 көрсетілген көрсеткіштер қабылданады.

$$|X_{11} - X_{12}| \leq r, \quad (1)$$

мұндағы X_{11} және X_{12} , екі параллельді өлшеу нәтижелері, %

r – 1-кестеде келтірілген екі параллельді өлшеудің қайталану шегі,
 $P=0,95$ тең болған жағдайда;

Кесте 2 – Ылғалдылық көрсеткіштері

Көрсеткіштің атауы	Массалық үлесті өлшеу диапазоны, (%)	Қайталану шегі r , (%), $P=0,95$, $n=2$ болғанда	Қайталану шегі R , (%), $P=0,95$, $n=2$ болғанда	Дәлдік деңгейі (абсолют кәтелік шектеулері) $\pm \Delta$, %, $P=0,95$ болғанда
Ылғалдың массалық үлесі	0,5 тен 50,0 дейін	0,3	0,5	0,4

Кондитерлік өнімдердегі қанттың мөлшерін нақты және дұрыс анықтау үшін арнайы бекітілген стандарт пайдаланылады. Бұл – МЕМСТ 5903-89 деп аталатын құжат. Ол «Кондитерлік өнімдер. Қантты анықтау әдістері» деген атауға ие және кеңінен қолданылады. Бұл стандарт әртүрлі тәтті тағамдар мен олардан дайындалатын жартылай фабрикаттарға қолданылады. Яғни, печенье, кәмпит, торт, вафли сияқты өнімдердің құрамындағы қант мөлшерін анықтау үшін дәл осы стандарттың талаптары негізге алынады.

Бұл құжатта өнімдегі жалпы қанттың және оның құрамындағы сахарозаның (тұрмыста бұл кәдімгі қант деп аталады) массалық үлесін анықтауға арналған бірнеше зертханалық әдіс қарастырылған. Әр әдіс түрлі жағдайларға, зерттеу мақсаттарына және жабдықтардың түріне байланысты қолданылады.

Йодометриялық әдіс тотықсыздандырғыш заттар ерітіндісінің мөлшерімен мыстың сілтілі ерітіндісін тотықсыздандыруға және түзілген мыс

оксидінің немесе тотықсызданбайтын мыстың мөлшерін йодометриялық әдіспен анықтауға негізделген. Әдіс ұннан жасалған кондитерлік өнімдерді, торттар мен кондитерлік өнімдерге арналған жартылай фабрикаттарды, шығыс тәттілерін қоспағанда, кондитерлік және жартылай фабрикаттардың барлық түрлеріне қолданылады. Әдіс сапаны бағалауда келіспеушіліктер туындаған кезде қолданылады.

